


# Вирусы гепатиттер. Гепатит А



Вирусты гепатиттер - бауыр зақымдалуымен жүретін жұқпалы аурулар. Жедел гепатиттің ауырлығы әр түрлі болады: симптомсыз және клиникалық көріністері әлсіз дамығаннан бастап, ауыр және қатерлі, өліммен аяқталатын түрлерге дейін. Ол адамды өлімге әкелетін инфекциялардың қатарына жатады.



**ИНТЕНСИВНОСТЬ ЦИРКУЛЯЦИИ ВИРУСА ГЕПАТИТА А**



**ВЫСОКАЯ**



**СРЕДНЯЯ**



**НИЗКАЯ**

# Жұғу жолдарына қарай гепатиттерді жіктеу

- **ЭНТЕРАЛДЫ ГЕПАТИТТЕР:**

- (ЖЕДЕЛ ТҮРДЕ)

- Гепатит А

- Гепатит Е

- **ПАРЭНТЕРАЛДЫ ГЕПАТИТТЕР:**

- (ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ СОЗЫЛМАЛЫ)

- Гепатит В


- Гепатит С

- Гепатит D

- Гепатит G

- Гепатит SEN, TTV және басқа да түрлері бар.





# А вирусты гепатиті немесе Боткин ауруы







# А вирусты гепатиті

А гепатиті (син. жұқпалы, эпидемиялық гепатит, Боткин ауруы)-

лас қол мен кір судан берілетін вирусты инфекциясы. РНҚ-лы вируспен тудырылатын жедел бауырдың қабынуы, әдетте өзіндік сауығумен аяқталады. Бұрын бұл ауру тек балалар арасында тіркелетін, ал қазір кейбір елдердің гигиеналық деңгейінің төмендеуіне байланысты, ересек адамдардың арасында кездеседі.





# Қандай ортада сақталады?

А гепатитінің вирусы

- суда ұзақ уақыт (3-10 ай)
- топырақта, нәжісте (1 айға дейін),
- үй тұрмыс заттарында да сақталады.



✓ 100° С –та 5 мин қайнатқанда инактивирленеді.

✓ Формалин;

✓ УКС-не (УФО) сезімтал,

✓ хлор, хлороформ, эфирдің әсеріне инактивирленбейді.





# АҒЫМЫ

- Жасырын кезеңі;
- Сарғыш алды;
- Сарғыштану;
- Сауығу.

Вирус сарғыштануға дейін 10-14 күн бұрын бөліне бастайды және сарғыштықтың 2-7 күнінде аяқталады.

Сондықтан науқас адам жан-жағындағы сау адамдарға сарғыштық кезеңге дейін қауіпті болып табылады.



- **Жасырын кезең 6-50 күн (жиі 15-30 күн).**
- **Продромалды (сарғыштық алды) кезең - 2-14 күн (жиі 5-7 күн).** Продромалды кезең әр түрлі вариантпен өтуі мүмкін: грипп тәрізді, диспепсиялық, астеновегетативті, аралас.
- ***Грипп тәрізді варианты*** жедел басталады, дене қызуы 38-39°C, 2-3 күн байқалады; басы, бұлшықеттері ауырады, катаральды белгілер болуы мүмкін.
- ***Диспепсиялық вариантта*** тәбет төмендейді, эпигастрий аймағында ауырлық немесе ауру сезімі болады, оң жақ қабырға асты ауырып, науқаста кейде жүрек айну, құсу байқалады.
- ***Астеновегетативті вариантта*** әлсіздік, ұйқышылдық, ашушандық, басы ауырып, айналып, жұмысқа қабілеті төмендейді.









- **Дене қызуы жоғарылауы;**
- Бастапқы кезде несептің түсі сарғайып, кейіннен қою шай түстес түрге ауысады.
- **Сарғаю кезінде** – алдымен ауыз қуысының шырышты қабатында, көздің ағында, кейіннен теріде байқалады. Сарғыштық басталғаннан соң науқастың дене қызуы қалыпына келіп, бас ауыруы және басқа да жалпы улану белгілері басылады, жағдайы жақсарады





Аурудан кейін тұрақты иммунитет қалыптасады. А вирусты гепатитке қабылдаушылық ортақ болады. Алайда **1 жастан үлкен** балалар (әсіресе, **3-12 дейінгі жаста**) және **жастар** арасында бұл ауру жиі тіркеледі. А вирусты гепатитке маусымдылық (арудың максимальді сырқаттанушылық кезеңі **күз-қыс** айларында тіркеледі), кезеңділік (сырқаттанушылық 3-5; 7-10 жылда көтеріледі) тән. А вирусты гепатиті жалпылама таралған. А гепатитінің таралуына объектілердің санитарлық жағдайы, тұрғындардың санитарлық мәдениеті әсер етеді. Сондықтан, өмір сүру деңгейі жоғары елдерде, дамитын елдерге қарағанда сырқаттанушылық аз тіркеледі.

# Басқа вирусты гепатитердің жұғу жолдары

- *Жанасу арқылы:*

- түрлі жарақаттар мен сызаттар арқылы;
- жеке тазалық құралдарын жалпы қолдану арқылы (массаж жасайтын құрал, жөке, ұстара заттары);
- косметологиялық, шаштараздық, маникюрлік және педикюрлік қызметтер арқылы;
- татуировкалар, пирсинг, татуаж жасату арқылы;
- моншаға бару арқылы

- *Сатылы арқылы:*

- босану кезінде анадан балаға жұғады.

- *Қан арқылы:*

- үй жағдайында егу жасау, залалсыздандырылмаған түрлі құралдарды қолдану;
- ағзалар мен тіндерді ауыстыру кезінде;

Вирустардан толық тазартудан өтпеген қан және оның құрамдарын құю арқылы.

- *Жыныстық қатынас арқылы.*

# Профилактика

- Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес балаларды В және А гепатитіне қарсы вакцинациялау;
- Тазалық гигиенасы мен көкөністерді жуып пайдалану;
- Медициналық қызмет алу үшін тек емдеу ұйымдарына қаралыңыз;
- Тек жеке тазалық құралдарын пайдалану керек (ұстара, маникюр, тарак, қайшы, жөке т.б.);
- Ауру адаммен тығыз қарым-қатынаста болудан аулақ болыңыз;



# ЗАЩИТИТЕСЬ ОТ ГЕПАТИТА



Назарларыңызға рахмет!!!